



Мәдениет — ұлттың төлқұжаты

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ РӘСІМІНДЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ**



Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев музейлер тарихымыз бен мәдениетіміздің асыл қазынасы екенін атап өтіп, мемлекет олардың дамуына ерекше мән беріп отырғанын айтты.

— Осыған дейін еліміздің жетекші үш музейі ұлттық мәртебеге ие болды. Бұл олардың қызметіне орасан зор серпін берді. Ғылыми-зерттеу саласында, тарихи және мәдени ескерткіштерімізді зерделеу ісінде музейлердің әлеуетін толық пайдалану маңызды. Сарайшық қалашығы зерттеушілердің ерекше қызығушылығын тудырады. Оған жаңғырту жұмыстарын жүргізу қажет. Сонымен қатар Орталық Азия елдерінің тарихи-мәдени мұрасына арналған бірыңғай цифрлық платформа құру туралы бастаманың берері мол, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, төл тарихымыз бен мәдениетімізді насихаттауда ЮНЕСКО-мен өзара ықпалдастық ерекше рөл атқарады. Бұл ретте Президент

Бүкіләлемдік мұралар тізіміне еліміздің тарихи және мәдениет ескерткіштерін енгізу үшін күш-жігер жұмсалып жатқанына тоқталды. Бұдан бөлек, «Әлем жады» тізбесіне құжат күйіндегі мұраларымызды енгізу ісі қолға алынды.

— Биыл әйгілі композитор Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығын ЮНЕСКО деңгейінде атап өтеміз. Мерейлі даталарға орай өтетін шаралармазмұнды, тағылымды болуы керек. Халық руханиятының тағы бір маңызды қыры — сәулет өнері. Қалалар мен елді мекендер келбеті — ұлт мәдениетінің айнасы. Ұлттық архитектура, түптеп келгенде, ұлттық санаға ықпалын тигізеді. Елімізде сәулет өнерін жетік меңгерген, оны ұлттық нақышқа бейімдей алған мамандардың тұтас буыны өсіп келеді. Мұндай дарын иелеріне мейлінше қолдау көрсету қажет. Осы орайда жас сәулетшілердің арнайы байқауын ұйымдастырып, Ұлттық сыйлық тағайындауға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы елімізді көркейту — баршаға ортақ міндет екенін атап өтіп, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясының мақсаты да осыған негізделгенін айтты.

— Жалпы, тазалық пен мәдениет — егіз ұғым. Мәдениеті жоғары қоғамның табиғаты да, таным-түсінігі де таза болары анық. Ұлтты өрге бастайтын қасиеттің бірі — білімге, оқуға деген құштарлық. Шерхан Мұртазаның «Мәдениеттің мәйегі — кітап» деген сөзі бар. Біз озық ойлы ел боламыз десек, ең алдымен, кітап оқитын ел болуымыз керек. Әрине, қазіргі ғаламтордың үстемдігі кезінде бұл мақсатқа қол жеткізу оңай емес, күрделі, бірақ бәріміз соған жетуіміз керек. Қазір бұл бағытта нақты жұмыс жасалып жатыр. Жас қаламгерлерге арнайы Президент сыйлығы беріле бастады. Биыл алғаш рет «Ұлттық кітап күнін» атап өттік. Халқымыз осы маңызды бастамаға барынша қолдау білдірді. Әсіресе, жастарымыз ерекше белсенді. Осындай игі істер алдағы уақытта да жалғаса береді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы елімізде соңғы жылдары ауқымды реформалар жүзеге асырылғанын еске салып, бұл үдеріс саясат пен экономикадан бастап, барлық салаға әсерін тигізгеніне тоқталды.

— Ұлттық болмысымыз заманға сай өзгере бастады. Мұны реформаның тағы бір маңызды нәтижесі деуге болады. Мәдениет пен өнердің ағартушылық әлеуеті орасан зор. Бұл сала ұлт санасын жаңғыртуға ерекше ықпал етеді. Өскелең ұрпақ сіздердің туындыларыңыздан тәлім-тәрбие алады. Қоғамда жаңа этика мен құндылықтар қалыптасады. Өнер-білім арқылы жастарымыз жасампаз, жаңашыл әрі еңбекқор болып өседі. Сонда біз шын мәнінде Әділетті, Қауіпсіз, Таза және Өркениетті мемлекет боламыз. Мәдениет және өнер қызметкерлері осы маңызды жұмысқа зор үлес қоса береді деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзін қорытындылай келе, мемлекет алдағы уақытта да мәдениет өкілдеріне жан-жақты қолдау көрсете беретінін атап өтті.

— Бүгін ұлттық өнердің майталманы Қайрат Байбосыновқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріледі. Халқымыздың жан-дүниесін айшықтай көрсететін халық өнері әрдайым төрде болуы керек. Бұл марапат — әйгілі әншінің өлшеусіз еңбегі мен ұлттық өнерімізге деген ерекше құрметтің белгісі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, ұлттық мәдениетті дамытуға және насихаттауға қосқан айрықша үлесі, мәдениет саласындағы аса үздік жетістіктері үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды.

ПАЙДАЛЫ ЖАЗ:

ЖЕТІСУДА БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ



еңбек әлеміне экскурсия», «Жасыл клуб», «Жазғы экран», «Жетісу сақинасы» «Ұлттық құндылықтар», «Туристят» жобасы шеңберінде ұйымдастырылады. Мәселен, балалар өңірдегі зауыттар мен цехтарға барып, техникалық-кәсіппен танысып, қарапайым материалдардан өнімдер қалай

жасалатынын көреді. Сол сияқты облыстың көрікті жерлеріне, ұлттық саябақтарға, музейлерге т.б. табиғи, тарихи, мәдени, туристік орындарға экскурсиялық саяхат жасайды. Бұл ретте қауіпсіздік мәселесіне, санитарлық талаптарды сақтауға баса көңіл бөлінеді. Демалыс арнайы бекітілген

бағдарлама негізінде методикалық ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі», — делінген облыстық білім басқармасының хабарламасында.

Жалпы облыстағы 13 балалар сауықтыру лагерінің 11-і - қала сыртындағы жазғы сауықтыру орталығы, 1 - мүгедектігі бар балаларға арналған жазғы сауықтыру орталығы, 1 - дарынды балаларға арналған лагерь. Солардың бірі — Алакөл ауданындағы «Жанса» жартылай стационарлық медициналық-әлеуметтік мекемесі жанындағы Ерекше балаларға арналған жазғы сауықтыру лагерінің жұмыс істегеніне биыл үшінші жыл. Осы уақыт ішінде онда аймақтың әр түкпірінен 300-ге жуық бала тегін демалды.

— Биыл Алакөл жағалауында орналасқан Ерекше балаларға арналған сауықтыру лагерінде жазғы кезең 24 маусымда басталады. Биылғы жылы онда ерекше қажеттілігі бар 160 бала тегін демалады. Әр бала 5 күннен демалады. Балалар I-III топтағы мүгедектігі бойынша тіркелген жеріндегі дәрігер ұсынысының немесе қорытындысының негізінде

қабылданады. Орталыққа жетуді ұйымдастыруды заңды өкіл немесе бірге еріп жүретін адам тұрғылықты жерінен Үшарал қаласына дейін дербес жүзеге асырады, бұдан әрі оларды Ақши ауылына, лагерьге жеткізуді біз ұйымдастырамыз. Жалпы, мұндай белсенді демалыс балаларды сауықтыруға ғана емес, әлеуметтендіруге де оң ықпал етеді, — деп атап өтті облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаев.

Айта кетейік, 6 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға арналған 40 орындық жазғы сауықтыру лагері 2023 жылы Алакөл ауданы әкімдігінің резиденциясы ғимаратының базасында ашылған болатын. Сапалы әлеуметтік қызмет көрсету мақсатында оған қажетті күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, балаларға Алакөл көлінің жағасында демалу үшін барлық жағдайлар жасалды.

Еске салсақ, осы жылы өңірде 131 675 оқушы, атап айтқанда 11 сыныпты 7 866 түлек, 9 сыныпты 12 968 түлек аяқтайды. 23 мамырда 1-11 сынып түлектері үшін Соңғы қоңырау шарасы мектеп аумағында өтіп, «Білім — Отаныма» тақырыбындағы бірыңғай сынып сағаттары өткізіледі.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

Биыл Жетісу облысында 113 мыңнан астам оқушы жазғы демалыс шараларымен қамтылады. Өңірде қала сыртындағы 13 балалар сауықтыру лагері жұмыс істейді, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жазғы демалыс кезінде жалпы білім беру ұйымдарының 1-10 сыныптарындағы 121 694 оқушының 113 112-сін қамту жоспарланып отыр, бұл - оқушылардың 93%. Оның 9 932-сі - әлеуметтік осал топтар санатындағы отбасылардан шыққан балалар.

Оған қажетті қаражат республикалық және жергілікті бюджеттен, демеушілердің, соның ішінде «Қазақстан халқына» қорының есебінен, кәсіподақ ұйымдары тарапынан қарастырылады. Осылайша оқушылар жазғы демалысты туристік саяхатпен, еңбекпен, шығармашылықпен, интеллектуалдық шынғамен өткізеді. Жазғы сауықтыру лагерлеріне 12342 педагог тартылмақ, соның 112-сі - қала сыртындағы лагерлерде, 12000-ы мектеп жанындағы тамақтандырылмайтын лагерлерде болады. Сонымен қатар балалар демалыс орындарына педагогикалық колледждердің 150 студенті, 80 ерікті тартылады.

«Жетісу облысында балалардың жазғы демалысы 6 жоба аясында «Ұлттық құндылықтар», «Білімнен мамандыққа дейін:

I МАУСЫМДА ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІНЕ КЕЗЕКТІ ІРІКТЕУ БАСТАЛАДЫ

Президенттік жастар кадр резерві – дарынды, бастамашыл, кәсіби білікті жастарды мемлекеттік басқару жүйесіне тартуға бағытталған маңызды жоба.

Құжаттарды қабылдау – 1-30 маусым аралығында pkrezerv.gov.kz ресми платформасында онлайн режимде жүзеге асырылады.

Еліміздің дамуына өз үлесінді қос!

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің деректері бойынша.



ЖОМАРТ ЖҮРЕК

1 МАУСЫМ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАР КҮНІНЕ ОРАЙ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ



1 маусым - Халықаралық балалар күніне орай қайырымдылық акциясын жариялаймыз. Қайырымдылық - мұқтаж жандарға көрсетілетін көмек. Қайырымдылық адамның бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Біз Алла үшін тым болмаса бір мұқтаж жанның басын сипасақ ол үшін үлкен сауап аламыз. Бойында кеңпейілділік, әділет, шапағат, даналық, қасиеттері бар адамдар жомарт адамдар

деп есептейміз. Өйткені, олар біреудің қуанышына ортақтаса алатын әрі бақытты сәттерін бірге сезіне алатын жандар. Біздің арамдыда да өмірлік қиын жағдайда жүрген отбасылар, мүгедек адамдардың да бар екенін ұмытпауымыз керек. 1 маусым - Халықаралық балалар күніне орай қайырымдылық акциясы өткізілетіні туралы Сіздерге хабарлаймыз.

Акция мамыр айында өтеді. Осы акцияға қатысам деушілерге:

Біздің мекен - жайымыз: Жансүгіров ауылы, ЖҚЖӘББ, Желтоқсан к-сі-5, телефон - 2-21-20,

Ұялы телефон: 87770143744

С. ҚАЙЫРҒАЛИ, ЖҚЖӘББ әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманы.

«ОНЛАЙН БЮДЖЕТТІК МОНИТОРИНГ» МОДУЛІН ТҮСІНДІРУ БОЙЫНША КЕЗДЕСУ

Жетісу облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті «Жетісу облысы бойынша дене шынықтыру және спорт басқармасы», «Жетісу облысы бойынша денсаулық сақтау басқармасы», «Жетісу облысы бойынша мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы», «Жетісу облысы бойынша білім басқармасы», «Жетісу облысы бойынша санитарлық эпидемиологиялық бақылау департаменті» мемлекеттік мекемелерінде, «Талдықорған облағ қарсы станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінде және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшыларының қатысуымен кездесу өткізді.

Іс-шара барысында онлайн бюджеттік мониторинг шеңберіндегі алдын- алу шараларының құрамдас бөліктері бойынша түсініктемелер берілді, сондай-ақ бюджет қаражатын негізсіз аудару және оларды жою фактілеріне қатысты анықталған мәселелер талқыланды. Жалақы төлеуге қатысты мониторинг тұрақты түрде жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке) және оның аумақтық органдарына мониторинг объектісіне ден қою-хат жолдау арқылы дереу шаралар қабылдау үшін хабарлама жолданады.

Бүгінгі таңда, мониторинг қорытындылары бойынша 53 объектіге жалпы сомасы 359,0 млн теңгені құрайтын 772 хабарлама жіберілді. Оның ішінде 99,6 млн теңге сомасындағы тәуекел расталды, бұл қаражаттың 3,1 млн. теңгесі бюджетке өтелді. Білім беру саласында анықталған 96,4 млн. теңге сомасындағы бұзушылықтар бойынша кінәлі тұлғалар сотталып, жазасын өтеуде.

Қазіргі уақытта, Комитет және оның аумақтық департаменттері тарапынан төрт тәуекел бейіні бойынша (карточкалық шот бойынша жеке тұлғалардың деректерінің сәйкессіздігі; МДФЛ-де ТАӨ-нің сәйкессіздігі; бірнеше төлеммен артық қаражат аудару тәуекелі; бір төлеммен артық қаражат аудару тәуекелі) білім беру объектілерінің Қазынашылық органдары арқылы жүргізген қаражаттарына онлайн мониторинг жүргізілуде. Департамент қызметінің бұл жаңа бағыты мемлекеттің ақшалай қаражатын пайдалануына бақылауды күшейтуге бағытталған.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА «ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ» ГРАНТТЫҚ ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Жетісу облысында жастардың бастамалары мен кәсіпкерлік әлеуетін қолдауға бағытталған «Тәуелсіздік Ұрпақтары» гранттық жобасы басталды. Аталған жоба 18–35 жас аралығындағы жұмыссыз жастарға арналған және олардың әлеуметтік, ғылыми, мәдени және кәсіпкерлік бағыттағы жобаларын іске асыруға мүмкіндік береді.

Жобаның мақсаты — жастардың ел дамуына қосар үлесін арттыру, олардың өз кәсібін ашуға, ауыл шаруашылығы мен өндіріс салаларында жұмыс жасауына, сондай-ақ креативті және экологиялық бағыттарда дамуына қолдау көрсету.

Гранттар келесі 6 бағыт бойынша беріледі:

Мал және балық шаруашылығы.

Өсімдік шаруашылығы.

Сүт өнімдерін өндіру.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу.

Қолөнер және шағын өндіріс.

Агротуризм және экотуризм.

Әрбір жеңімпазға қайтарымсыз қаржылай қолдау беріледі. Қаражат қажетті құрал-жабдықтар мен материалдарды алуға, жұмыс орнын



жабдықтауға және жобаны іске қосуға жұмсалады.

Өтініш қабылдау мерзімі:

2025 жылдың 15 мамырдан 15 шілде аралығында.

Қатысу шарттары:

18–35 жас аралығындағы Қазақстан Республикасының азаматы болуы;

жұмыссыз мәртебесінде тіркелуі;

жобалық ұсынысты және бизнес-жоспарды ұсынуы;

жобасын Жетісу облысы аумағында іске асыруы.

Жетісу облысы Қоғамдық даму басқармасы жастарды аталған мүмкіндікке белсенді қатысуға

шақырады.

Грант — тек қаржылық қолдау ғана емес, сонымен қатар өз арманыңды жүзеге асыру мен табысты кәсіпкерлік жолға қадам басудың алғашқы сатысы.

Толық ақпарат пен кеңес алу үшін хабарласыңыз:

Дамира, 8 707 929 12 72;

Назерке, 8 707 755 58 46;

Маржан, 8 747 160 46 37.

Электрондық пошта: tauelsizdik.jetisu@mail.ru

Облыстық қоғамдық даму басқармасының ақпараты бойынша.

БИҒЫЛҒЫ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДЕЙІН «ТАЛДЫҚОРҒАН – ҮШАРАЛ» МАГИСТРАЛДЫ ГАЗ ҚҰБЫРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛАДЫ

Жетісу облысына жұмыс сапарымен келген «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов «Талдықорған-Үшарал» магистралды газ құбыры құрылысының барысымен танысты. Ресми қонақтарды Ақсу ауданындағы құрылыс алаңына облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов бастап барды. Белгілі болғандай, «Талдықорған - Үшарал» газ құбырының желілік бөлігін салу жұмыстары аяқталған. Қазір автоматты газ тарату станциялары тұрғызылуда, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Алдымен «Жансүгіров» АГТС-ының алаңына барған ресми қонақтар мұндағы атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Бұл ретте С. Жаркешов бірінші кезекте жұмыстың сапасына баса көңіл бөлуді қатаң тапсырды.

Бүгінгі күні «Талдықорған – Үшарал» магистралды газ құбырын салуға үлкен назар аударылып отыр. Бұл - Мемлекет басшысының тапсырмасымен, Ұлттық қордың қаржылай қолдауымен қолға алынған ауқымды жоба. Өткен жылы Үкімет басшысы Жетісу облысына келгенде құрылыс жұмыстары басталған болатын. Жобаның әлеуметтік маңызын ескере отырып, жұмыстарды қарқынды жүргіздік. Соның нәтижесінде жобаны белгіленген мерзімінен бір жарым жыл бұрын, яғни 2025 жылдың жылыту маусымына дейін бітіреміз деп жоспарлап отырмыз. Бұл «QazaqGaz», облыс әкімдігі және мердігер компания – үш тараптың бірлескен үлгілі командалық жұмысының нәтижесі, - деді «QazaqGaz» ҰК» «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов.

Атап өтсек, жобаның технологиялық схемасына сәйкес, газ құбырының жалпы ұзындығы 302,441 км құрайды, жобалық қысымы РР=9,8 МПа. Жобада сондай-ақ 6 газ құбыры-бұрмасын және «Жансүгіров», «Қапал», «Сарқан», «Қойлық», «Қабанбай», «Үшарал» - 6 автоматты газ тарату станциясын салу көзделген.

Бүгінгі таңда жаңа газ құбырының желілік бөлігінің құрылысы аяқталды. Сондай-ақ, кедергілерден өтетін учаскелерді: күрделі табиғи

бедерлер, су асты өткелдері және т. б. салу бойынша жұмыстар аяқталу сатысында.

Қазіргі таңда барлық алты автоматты газ тарату станцияларының құрылыстары қатар басталды. Станциялардың дайындығы осы жылдың тамыз айына жоспарланған. Құрылысқа 148 бірлік арнайы техника мен 356 жұмысшы персонал жұмылдырылды. Құрылыс жұмыстары ерекше бақылауда және кестеден озып келеді.

Осы орайда облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов елді мекендердің ішкі желілерін жүргізудің дайындық жұмыстары туралы айта келе:

- «Талдықорған - Үшарал» магистралды газ құбыры жобасының арқасында Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарында 66 елді мекенге газ тартылатын болады. Соның ішінде 6 елді мекенді биыл, қалған 60-ын келесі жылы газға қосамыз. Соның ішінде Ақсу қант зауыты да бар. Осы шаралардың барлығы халықтың тұрмыс сапасын жақсарту үшін, сол сияқты кәсіпкерлік пен өндіріс орындарының жұмысы үшін де тиімді. Бұл өңірдің экономикасын дамытуға үлкен серпін береді, - деді Ә.Қанағатов.

Мұнан соң ресми өкілдер «Қапал» АГТС-ының құрылыс жұмыстарын да барып көрді.

Еске салсақ, Жетісу облысында 192 елді мекен газдандыруға жатады. Облыс бөлінгенде небары 5 елді мекенде ғана газ болған, бүгінгі күні газдандырылған елді мекендер саны 84-ке жетіп, газдандыру деңгейі 58,2 % құрап отыр. Жыл соңына дейін көгілдір отын тартылған елді мекендер санын 126-ға, газдандыру көрсеткішін 71,4% жеткізу жоспарланып отыр, яғни 500 мың адам газдың игілігін көреді деген сөз. Оған қоса «Талдықорған - Үшарал» магистралды газ құбыры құрылысының арқасында 66 елді мекен газға қосылады. Сөйтіп 2028 жылға дейін облыстың газдандыруға жататын 192 елді мекені толық көгілдір отынға қол жеткізетін болады.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф: Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

ЖАҢА БИЗНЕС – ИДЕЯЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА АРНАЛҒАН ГРАНТҚА 1 ЛЕККЕ ӨТІНІМДЕР ҚАБЫЛДАНАДЫ

2025 жылдың мамыр айының 21 мен 11 маусым аралығында Business.Epbek.kz порталы арқылы әлеуметтік осал топтағы азаматтардан, Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде жаңа бизнес – идеяларды іске асыруға арналған грантқа 1 лекке өтінімдер қабылданады. Грант көлемі 400 АЕК -1 572 800 тг.

Әлеуметтік осал топтар:

1. Мүгедектігі бар адамдар;
2. Қолданыстағы «қандас» мәртебесі бар адамдар;

400 АЕК мөлшерінде гранттарға өтініштер қабылдау!



3. Атаулы әлеуметтік көмек алушылар (жұбайы/зайыбы);

4. Көп балалы отбасы мүшелері (жұбайы/зайыбы);

5. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушілер (жұбайы/зайыбы);

6. Асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алушылар;

Грант алуға үміткердің «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытудан өткендігі туралы, 3 жылдан аспаған сертификат болуы қажет.

Б.ҚҰРМАНГАЛИЕВА, Мансап орталығы филиалының директоры.

ӨТІНІШТЕР БОЙЫНША ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

№	Меморган	Жиі қойылатын сұрақ	Қысқаша жауап	Толық жауап	НҚА-ға сілтеме	Кілт сөздер және хештегтер
1	"Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Жер учаскесін ауданның арнайы жер қорына өткізсем бола ма?	Ауданның арнайы жер қорына жер учаскелерін өткізуге болады.	Ауданның арнайы аудан қорына жер учаскелерін өткізу үшін жеке және заңды тұлғалардан құзыретті органға өтініш түсіру арқылы жүзеге асады.	ҚР «Жер Кодексінің» 82, 100-баптары, ҚР «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 31-бабының 1 - тармағының 10) тармақшасына сәйкес.	Жер учаскесі
2	"Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Шаруа қожалықтан қалай жеке бөлініп шығуға болады?	Шаруа қожалық мүшелерінің жалпы жиналысында дауыс беру арқылы жеке бөлініп, шығуға болады.	Шаруа қожалықтан бөлініп шығу үшін жер заңнамасына сәйкес үлестік меншікке қатысушылардың жалпы жиналысында хаттама толтырылып, дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.	ҚР «Жер кодексінің» 54 -бабына сәйкес	Шаруа қожалықтан бөліну туралы.
3	"Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Мемлекеттен сатып алу құқығынсыз берілген жалдамалы тұрғын үйді жекешелендіруге бола ма?	Сатып алу құқығынсыз жалға берілген тұрғын үйді тұрғын үй қатынастары туралы қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес тұрғын үй инспекциясы бөліміне қажетті құжаттарды ұсынып, жекешелендірілуі мүмкін.	Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй тұрғын үй инспекциясы бөліміне мынадай құжаттарды ұсынған кезде жекешелендірілуі мүмкін: сатып алу құқығынсыз берілген жалға берілетін тұрғын үйді жалға алушының барлық көмелетке толған отбасы мүшелері қол қойған өтініш, өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің жеке куәліктерінің не паспорттарының көшірмелері, неке қию (бұзу), отбасы мүшелерінің қайтыс болуы, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері, тұрғын үйдің жоқ немесе бар екендігі туралы анықтама, жалдау шартының көшірмелері, тұрғын үйдің жоқ немесе бар екендігі туралы құжат, халықтың әлеуметтік осал топтарына жататындығын растайтын құжат, жұмыс орнынан анықтама және мемлекеттік тұрғын үйді өтеусіз (тегін) жекешелендіруге құқығы бар азаматтар қатарына жататындығын растайтын анықтама.	ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы.	Мемлекеттік тұрғын үй
4	"Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Шаруа қожалығын жүргізу үшін жерді қалай алуға болады?	Жер заңнамасының талаптарына сәйкес жарияланған конкурсқа тиісті құжаттарды ұсына отырып, конкурс қорытындысына сәйкес жер алуға болады.	Жер заңнамасына сәйкес мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа тиісті құжаттарды ұсына отырып, алуға болады.	ҚР «Жер кодексінің» 43-1 – бабына сәйкес	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге конкурс ұйымдастыру туралы

ПЕРЕЧЕНЬ ЧАСТО ЗАДАВАЕМЫХ ВОПРОСОВ ПО ОБРАЩЕНИЯМ

№	ГО	Часто задаваемый вопрос	Краткий ответ	Полный ответ	Ссылки на НПА	Ключевые слова и хэштеги
1	ГУ «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений	Как вернуть земельный участок в районный земельный фонд?	Возможна реализация земельных участков в специальный земельный фонд района.	Реализация земельных участков в специальный районный фонд района осуществляется путем подачи заявления от физических и юридических лиц в компетентный орган.	Статья 82 Земельного кодекса РК	Возврат земли
2	Аккусского района» ГУ «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений	Как отделиться от крестьянского хозяйства по отдельности?	Путем голосования на общем собрании членов крестьянского хозяйства можно отделиться и выйти.	Выделение из крестьянского хозяйства осуществляется путем голосования с составлением протокола на общем собрании участников долевой собственности в соответствии с земельным законодательством.	Статья 54 Земельного кодекса РК.	О разделение крестьянского хозяйства.
3	Аккусского района» ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции	Какие документы необходимо предоставить для приватизации жилья из государственного жилищного фонда?	Для приватизации жилья, предоставленного из государственного жилищного фонда, необходимо предоставить следующие документы: заявление, копии удостоверений личности заявителя и членов его семьи, копии свидетельств о расторжении брака, смерти членов семьи, рождении детей, документ, подтверждающий, что вы официально проживаете в квартире, справку о наличии жилища, справку для социально уязвимых слоев населения документ, подтверждающий принадлежность, справка с места работы.	Для приватизации жилья, предоставленного из государственного жилищного фонда, необходимо предоставить следующие документы: заявление, копии удостоверений личности заявителя и членов его семьи, копии свидетельств о расторжении брака, смерти членов семьи, рождении детей, документ, подтверждающий, что вы официально проживаете в квартире, справку о наличии жилища, справку для социально уязвимых слоев населения документ, подтверждающий принадлежность, справка с места работы.	Закон РК» О жилищных отношениях". Приказ министра национальной экономики РК от 12.08.2021 года №437.	Жилищный вопрос
4	Аккусского района» ГУ «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Аккусского района»	Как получить землю для ведения хозяйства?	В соответствии с требованиями земельного законодательства можно получить землю в соответствии с заключением конкурса, представив соответствующие документы на объявленный конкурс.	Земельные участки, находящиеся в государственной собственности и не предоставленные в землепользование в соответствии с земельным законодательством, могут быть получены с представлением соответствующих документов на конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства.	Статья 43-1 Земельного кодекса РК.	Организация конкурса на земли сельскохозяйственного назначения

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА – 3 ЖЫЛ:
Өңірде 292 мың ағаш көшеті отырғызылды



алаңқайында асыр салып, жасөспірімдер спорттық алаңда футбол, волейбол ойнайды. Мұнда бәрі халық игілігі үшін жасалған, – дейді қала тұрғыны Арайлым Саматқызы. Еске салсақ, ел Президентінің тапсырмасына сәйкес Жетісу облысының елді мекендерінде бес жылда 538 мың ағаш көшеттерін отырғызу жоспарланған. 2021-2024 жылдары 418 мың ағаш егілсе, соның ішінде соңғы үш жылда отырғызылған жапырақты және қылқанжапырақты ағаш саны - 292 мың. Ал биыл аудан-қалалар аумағында 120 мың көшет отырғызу

жоспарланған, бүгінгі күнге соның 55,9 мың данасы отырғызылды. Атап өтсек, аудан-қалаларда көктемгі және күзгі маусымдарда тұрғындардың қатысуымен ағаш егу және басқа да экологиялық шаралар жыл бойы «Таза Қазақстан» акциясы аясында белсенді түрде атқарылып келеді. Бұл ретте жыл басынан бергі іс-шараларға өңірде 17 мыңнан астам адам қатысты. Сонымен қатар облыста ауаларды абаттандыру бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, 2023 жылы 56 аула ағымдағы жөндеуден өткізілсе, өткен жылы

110 аула абаттандырылды. Ал биыл тағы 51 ауланы абаттандыру жоспарланған. Оған қоса 140 көпқабатты тұрғын үйдің шатырлары мен қасбеттерін (69 шатыр және 71 қасбет) жөндеу жоспарда бар. Бұл ретте әсіресе балалар ойын алаңдарының жаңа кейіпке еніп, көркейтілгеніне көпшілік ерекше риза. Соңғы екі жылда осындай 197 алаң абаттандырылса, биыл 76 балалар және спорт алаңын абаттандыру жоспарлануда. Солардың ішінде Талдықорған қаласындағы «Ұлан» шағын ауданындағы балалар алаңы да бар. - Бұрын алаңның шаңы шығып, топырақ болып жататын. Үлкен ұлым доп ойнағанда үсті-басы шаң болып келетін. Ал кіші балаларымды аулаға алып шыққанмен ойнататын жер жоқ еді. Өткен жылы ауламызға балалар ойын алаңын салып, түрлі өткеншектер, тренажер құрылғыларын орнатты, үлкендер демалып отыратын орын да қарастырылған. Көрші аулаларда да жөндеу, абаттандыру жұмыстары жүріп жатыр. Шағын ауданымыздың кейбі биыл тұтастай жаңаланатынын естіп қуанып қалдық, - дейді көп балалы ана Диана Топарбаева. **ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

ҰЛЫ ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІ – АУЫЛ ТӨУЫНА ҰЛАСТЫ



Бүкіл халқымызды Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, алдағы болайын деп жатқан ағынды Ақсуымның оның, ішінде Қызылтаң совхозының 70 жылдық мерейтойларымен ауылымыздағы үлкенді - кіші ата - аналарымызды, жастарымызды, жас ұрпақтарымызды шын жүректен құттықтаймын!

Тойларымыз тойға ұлассын, ел іргесі аман болсын, тыныштық заман болсын!

Мен Үлгілі колхозының тумасымын, ата - анамыз да осы ауылдың тумалары. 1942 жылы үйден 3 азамат соғысқа аттанды, екі ағасымен менің әкем, жылап, шулап қалдық. Мен онда 5 жастамын, әкемнің үзеңгісіне жармасып тұрсам, әкем: «- Жылама Шакетай мен қазір арба шегіп келіп, төтен екеуіңді алып кетемін» - дейді, онда андағы қоржының тастап кет дегенім есімнен кетпейді.

Әкем мені Шакетай деп еркелетуші еді. Қалай тастасын, сол кеткеннен мол кетті. Шешем жесір, мен жетім болып қала бердім. Әкемнің екі ағасы соғыстан аман - есен оралды, олар келгенде қуанышымызда шек болмады. Менің әкем Ділдәбек соғыстан оралмады.

Соғыс кезі, ауылда азаматтардан ешкім жоқ десе болады, әйелдер барлығы жұмыста, жаз бойы егінді орақпен орады, оны баулап арқалап қырманға әкеледі. Бидайды молотоспен бастырады, одан оны желдің соққанын күтіп ұшырады, шешеміз, соның сабанын-топанын мені алып барып сыпыртады, бидай тазаланғаннан кейін, баланың істегені білінбейді – деп қаптың аузын аштырады, қаптарды арбаға тиіп орталыққа апарып өткізеді. Шешем жұмыста алдына жан салмайды.

Үйде де мен шешемнің айтқанын жасаймын, нан илеп беріп кетеді, оны табаға салып пісіріп қоямын. Бидай түктеп, жаншып, бұқтырып, бидай көже пісіріп қоямын. Бидай көже кешке ішетін кешкі тамағы болса, күндіз сусынды жұмысқа алып кетеді. Осылайша мектеп жасына да келіп қалыппыз, 1947-1949 жылдар 4-ші сыныпты бітірдім. 1950 жылы 5 колхоз, Үлгілі,

Жаңалық, Тесіктоған, Қызылтаң, Молотов бірігіп; Молотов колхозы орталық болды. Барлық колхоз осында көшіп келіп, шаруалар баспана салуға кірісіп жатты. Бізде баспана салып, күзде мектепке 5 сыныпқа сабаққа бардым. Оқытушым Чекенов Баяқмет аға болды, ондай ардагерлерді қалай еске алмай отырамыз. 6-7 сыныпты Тесіктоғаннан оқыдым, онда 7 жылдық мектеп болды. 2 жыл бойы үш шақырым жерді жаяу жүріп, Бұрғанның суынан кешіп өтіп барып оқыдым. Оқытушымыз Бижігітов Бисұлтан аға болды. Есімде қалғаны - сол жылдары ағамыздың шаңырақ көтерген жылдары еді. 7 жылдықты бітірген соң Ақсуға Ыбырай Алтынсарин атындағы мектебіне келіп 8-10 жылдықты бітірдім. Бұл мектепте ауылда бірге оқыған ауылдастарым мен бірге оқыған сыныптастарымызбен кездестік, жастық шағымыз қызықты өтті, оқуда озат болдық. 10 сыныпты бітіріп бәріміз жан - жаққа тарап жоғарғы оқуларға кеттік. Жоғарғы оқуды бітірген соң 1960 жылдары жолдасым Қуатбеков Дәуіт екеуіміз қосылып, шаңырақ көтердік, екеуіміз бір ауылда туып, бірге өскенбіз. Дәуіт ауылшаруашылығы институтын бітіріп ғалым - агроном мамандығын алып шықты. Ол кезде тың көтеру кезі. Бізді арнайы Үкіметтің жолдамасымен Көкшетау облысына жұмысқа жіберді. Көкшетау облысының Щучье ауданы, Щучинск совхозына келіп жұмысқа орналастық, Дәуіт агроном, мен есепші болып. Совхозда көп ұлттың өкілдері тұрады екен, бізде олармен тез тіл табысып кеттік. Совхоз Бұрабай курортының күн шығыс жағында орналасқан екен, арасы үш шақырым жер.

Совхоз курортты ет - сүт, жеміс - жидекпен қамтамасыз етіп тұрады екен. Онда адал істеген жұмысының арқасында Дәуітті Мәскеудегі Бүкілодақтық Халықшаруашылығы жетістіктері

көрмесіне жолдама берді, онда «Тыңды игергені үшін» медалімен марапатталды.

Тыңнан 1967 жылы елге оралдық. Тыңдағы істеген еңбегі бағаланып, туған ауданына да баспасөз арқылы жетіп, келген соң Жансүгіров атындағы шаруашылыққа агроном болып тағайындалды, мен баяғы есепші болып жұмысымды жалғастырдым.

Шаруашылықта 1000 гектар қызылша, 5000 гектар астық себіледі, егіні мен малы қатар өскен ірі шаруашылық еді. Шаруашылықтың басшысы Ахметжанов Ғалпас аға еді. Ол ағаның басшылығымен шаруашылығы дамыған, ауданда алдыңғы қатардағы шаруашылық болды. Осындағы істеген еңбегі бағаланып, Дәуіт «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Орталық комитеттен Қызыл туды да жеңіп алды.

Осылайша ұзамай аудандық ауылшаруашылығы бастығының орынбасары, Ленин атындағы совхоздың директоры, аудандық статистика бөлімінің бастығы, Ақсу қант зауыты директорының орынбасары жұмыстарын атқарды. Осындай еңбектері еленіп, «Қазақ жерінің Зиялы азаматтары» кітабына кіргізілген болатын.

Ал, мен болсам баяғы есепші, статистикада экономист, райком профсоюзда бас есепші, аудандық су бөлімінде бас есепші болып жүріп, зейнетке шықтым. Зейнетке шықсамда, қарамай 1991 жылы ауданда бірінші болып «Молочное» деген шаруа қожалығын аштық, өндірген ет - сүтімізбен заводтың жұмысшыларын қамтамасыз ету болды.

Жолдасым 2002 жылы өмірден озды, артындағы ұрпағы өсіп, жоғарғы білім алып, еліміздің өңірлерінде қызметте. Біздің қатарымыз азайса да артымыздағы ұрпағымыз аман болсын, өсіп - өнсіп, еңбектері жемісті болсын!

Адал еңбек етіп, ауданымыз басқа аудандардың алды болып, халқымыздың әлеуметтік жағдайы биік деңгейде болсын – деген тілек білдіремін.

Нұршакен ДІЛДӘБЕКОВА,
зейнеткер, еңбек ардагері.

«БІР ЕЛ - БІР КІТАП» акциясы



Елімізде республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында 2007 жылдан бастап өткізіліп келеді. Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ, жастарды отаншылдыққа әрі өнегелілікке тәрбиелеу. Сонымен қатар, акция қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығын әрі қарай жоғарылатуына мүмкіндік туғызады.

2025 жылға поэзия жанры бойынша мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті ақын, биыл 90 жылдық мерейтойы аталып өтетін Жүмекен Нәжімеденов пен проза жанры бойынша ұлтымыздың көрнекті жазушысы, ақын, сыншы, аудармашы, суреткер Тәкен Әлімқұлов насихатталуда.

Аталмыш акция Ақсу ауданының барлық кітапханаларында жылдағы дәстүр бойынша өткізілуде. Жаңалық ауылдық кітапханасы да осы шарадан тыс қалмай жыл басынан бері аталмыш кітаптарды келген оқырмандарға ұсынып, акцияның мақсаты түсіндірілуде. Биыл кітапханамызда түрлі форматта кездесулер, көрмелер ұйымдастырылып, ел болып оқуға таңдалған екі автордың шығармалары бойынша кітапханамызда іс - шаралар түрлі формата жан - жақты насихатталуда.



«Kitap Time – 2025» Республикалық акциясына орай фестиваль



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдің ертеңі мен келешегі үшін кітап оқу мен кітап басып шығару ісінің маңызына тоқталып, кітап оқитын ел ғана зиялы ұлтқа айналатынын баса айтқан еді.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының ұйымдастыруымен жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын – «Kitap Time – 2025» жалпы республикалық кітап фестивалі Жаңалық ауылдық кітапханасында «Кітап жан азызығы» тақырыбында өтті.

Кітап оқуды кеңінен насихаттау, рухани, интеллектуалдық даму жолында жастарды ынталандыру және мәдени құндылықтарымызды халыққа жеткізу мақсатында ұйымдастырылған республикалық шараға ауыл тұрғындары, мектеп оқушылары, жалпы оқырман қауым қатынасты.

Кітап фестивалі қатысушыларына қызыққа толы әртүрлі бағдарламалар әзірленді. Кітапхана алаңында «Кітап - алтын қазына» көрме-инсталляция құрылды.

Оқу бөлімінде 14 мамыр күні жыр құлагері, үш арыстың бірі, жерлесіміз Илияс Жансүгіровтің туған күніне орай «Поэзия Құлагері» атты поэзия кеші өтті. Кеште поэзияға жаны құштар жастар, оқушылар ақынның шығармашылығынан өлеңдер оқыды.

Фестиваль аясында: «Ақыл - жастан, асыл - тастан» сұрақ - жауап, «Қазақтың мақал - мәтелдері» танымдық ойындар, шеберлік сағаттары ұйымдастырылды. Фестивальға мектеп оқушылары, ұстаздар, кітапхана ұжымы қатысты.

Бақытгүл ҚАМЕТЖАНОВА,
Жаңалық ауылдық кітапханасының кітапханашысы.



БЕЙБІТШІЛІКТІ БАҒАЛАЙЫҚ



ауыл тұрғындарын мерекемен құттықтап, Ұлы Жеңіске қазақстандықтардың, оның ішінде өзіміздің ауылымыздан шыққан батырларымыздың сіңірген ерлігі туралы жастарға өнеге болатын әңгімелер айтылды.

Шарадан соң ауылымыздың үлкендері, тыл ардагерлерінің шаңырағына барып, мереке қарсаңында аудандық әскери комисариаттан алған Ел Президенті Қасым - Жомарт Тоқаевтың 80 жылдық медальдары құтты болсын, Аман - есен болып, ауырмай - сырқамай Жеңістің 90 - 100 жылдық медалдарын да тағуға тілегімізді айтып, аудандық мәслихаттың дұғай - дұғай сәлемін жеткіздік.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы – бұл өткенге тағзым етіп, болашақ үшін бейбітшілікті сақтау қажеттігін түсінетін маңызды дата. Ардагерлердің ерлігі, тарихтың сабағы және ұлттық бірлік – осы мерекенің басты мәні болып қала береді.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы құтты болсын!

Талғат УАЛИЕВ,
аудандық мәслихат депутаты.



Жеңістің 80 жылдығы – тарихи жадыны сақтау ғана емес, сонымен қатар қазіргі халықаралық қатынастардағы тарихты саясиландыру әрекеттеріне қарсы тұрудың да бір белгісі. Көптеген елдерде тарих қайта қарастырылып, кейбір мемлекеттің рөлі төмендетілуде. Сондықтан Қазақстан сияқты елдер өз ардагерлерінің, тыл еңбеккерлерінің ерлігін жаңғыртып, тарихты дұрыс түсіндіру керек. Сонымен қатар, бұл дата – әскери-патриоттық тәрбиенің де маңызды кезеңі. Жастардың өткеннен сабақ алып, бейбітшілікті бағалауы қажет.

Жеңістің 80 жылдығы – бұл тек соғыста шайқасқан батыр-

ларымызды ғана емес, тылда еңбек еткен ата-әжелерімізді де еске алатын күн. Сол кездің қиындықтары мен халықтың бірлігі – бізге үлкен сабақ. Әкінішке қарай, жыл өткен сайын ардагерлердің қатары сиреп келеді. Сондықтан оларға құрмет көрсетіп, ерліктерін насихаттау – біздің міндетіміз.


Ауылымыздағы Кеңес одағының батыры Нұрсұлтан Есеболатовтың ескерткіші алдында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай салтанатты шара өтті.

Халық қалаулысы, аудандық мәслихат депутаты ретінде мен де осы шараға қатынасып, округ әкімі Нұрахметов Берік Тұрсынбайұлымен бірге

1922 жылы 15 мамырда Алматы облысы, Ақсу ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келген. Әскер қатарына қабылданбай тұрған кезінде аудан орталығында есепші болып қызмет атқарған. Әскер қатарына 1942 жылдың қаңтар айында шақырылады. Әкеміздің әскери шені қатардағы жауынгер. Ең бірінші Одесса қаласы ПП - 343сп, 38 СД бөлімшесіне қабылданады. 1942 жылдың маусым айында тұтқынға түседі де, 1945 жылдың тамыз айында босап шығады. Вла-сов немістерге бірақ бір дивизияны сатып жіберген деп айтатын бала кезімізде, соны толық түсініп алмаппыз ғой. Соғыс аяқталғаннан кейін ақталып аман-есен елге оралады. Елге оралғаннан кейін 1949 жылы Кинотехникумға оқуға түседі. Техникумды

бітіргеннен кейін, осы сала бойынша біраз жұмыс жасайды. Соғыстан кейін Отанға аман-есен оралып, жұбайы Дәменкенмен танысып, отбасын құрып 9 бала тәрбиелеп, өсіріп жеткізеді. Қазіргі кезде әр баласы өз отбастарын құрып, әр салада жұмыс жасауда. Бірақ елге келгеннен кейін де әкемізді біраз уақытқа дейін Кеңес үкіметі наградасы, ордендерін бермейді. Тек 1984 жылы ғана барлық кінәлары ақталып, Орден II степени медалы беріледі. ҰОС аяқталғанына орай берілген 45 жылдығы, 50 жылдығы, 55 жылдығы және 60 жылдығына арналған Ордендері бар Әкеміздің. Әскери марапаттары да бар. Әкеміз 2010 жылдың мамыр айында дүниеден өтеді.

ЕР ЕСІМІ- ЕЛ ЕСІНДЕ



Нурсейтов Жүнісбек
рядовой



әкемің де сол сұрапыл соғысқа барып, Отаны үшін, Жеңіс үшін үлес қосқаны ойыма жиі оралады. Менің әкем, асқар тауым, мақтаншым Ұлы Отан соғысының ардагері - Нұрсейітов Жүнісбек.

Нұрсейітов Жүнісбек 1922 жылы 15 мамырда Алматы облысы, Ақсу ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келген. Әскер қатарына қабылданбай тұрған кезінде аудан орталығында есепші болып қызмет атқарған. Әскер қатарына 1942 жылдың қаңтар айында шақырылады. Әкеміздің әскери шені - қатардағы жауынгер. Ең бірінші, Одесса қаласы ПП - 343сп, 38 СД бөлімшесіне қабылданады. 1942 жылдың маусым айында тұтқынға түседі де, 1945 жылдың тамыз айында босап шығады. Соғыс жылдары туралы талай қызықты, тартымды әңгімелерін айтып отыратын. Сұрапыл соғыс кезінде де сатқындық, әділетсіздік жиі болып тұратынын айтып отыратын. Соғыс аяқталғаннан кейін әкем ақталып, аман - есен

елге оралады. Туған жерге оралғаннан кейін 1949 жылы Кинотехникумға оқуға түседі. Техникумды бітіргеннен кейін, осы сала бойынша біраз жұмыс жасайды. Соғыстан кейін Отанға аман-есен оралып, жұбайы Дәменкенмен танысып, отбасын құрып, 9 бала тәрбиелеп, өсіріп жеткізеді. Қазіргі кезде ұл - қыздары жеке өз отбасыларын құрып, әр салада жұмыс жасауда. Бірақ, елге келгеннен кейін де әкемізді біраз уақытқа дейін Кеңес үкіметі награда, ордендерін бермеді. Тек , 1984 жылы ғана барлық кінәлары ақталып, II дәрежелі медаль. Ұлы Жеңістің 45 жылдығы, 50 жылдығы, 55 жылдығы және 60 жылдығына арналған Ордендермен марапаттады. Әкеміздің әскери марапаттары да жеткілікті. Әкеміз 2010 жылдың мамыр айында дүниеден өтеді. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы - тарихи мереке. Бізге бейбіт өмір, тыныштық сыйлаған әр ардагер, тыл еңбеккерлерінің де еңбегі зор. Мерейлі мереке қарсаңында әр ардагерге қарыздармыз, оларға тағзым етіп, еңбектері мен ерліктерін келер ұрпаққа жеткізу- біздің парызымыз.

**Ғалия ЖҮНИСБЕКҚЫЗЫ,
Қуат Терібаев атындағы
орта мектебінің биология
пәнінің мұғалімі.**

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ: ЗАҢ МЕН ӘДІЛЕТТІҢ КҮЗЕТШІСІ



Қазіргі қоғамда әділеттілік пен құқықты қорғау басты орын-да тұрады. Конституциялық сот - осы адам құқықтары мен бостандықтарының кепілі. Ол әділеттіліктің беделі мен заңның үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейді.

Конституциялық сот қоғамдағы заңдылықты, тұрақтылықты және құқық қорғауды қамтамасыз етеді. Оның қызметі арқылы азаматтардың құқықтары қорғалып, конституцияның жоғарылығын сақтау мақсаты жүзеге асырылады.

Конституциялық соттың құрамына тәуелсіз судьялар кіреді. Олардың тәуелсіздігі мен бейтараптығы, өздерінің міндеттері мен сұрақтарын қарау кезіндегі шешімдеріне әсер етпей, құқықтық жүйенің мызғымастығын қамтамасыз етеді.

Конституциялық сот заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексереді.

Адам құқықтары мен бостандықтарына қатысты істі қарау кезінде сот жеке тұлғаларды қорғап, әділеттілік орнатады. Сот жаңа заң жобаларын қабылдағанға дейін олардың Конституцияға сәйкес келетінін бағалайды.

Конституциялық соттың рөлі тек құқық қорғаумен шектелмейді. Ол қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ете отырып, мемлекет шеңберінде демократияның дамуына да ықпал етеді.

Соттың шешімдері қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастырады. Конституциялық сот - заң мен әділеттіліктің күзетшісі. Оның қызметі құқықтық мемлекет құрудың негізі болып табылады. Заңның үстемдігі мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда Конституциялық соттың рөлі зор. Осылайша, ол қоғамда әділдік орнатып, мемлекет өмірінің барлық сферасына оң әсер етеді.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫ.

Еңбек ардагерлерімен кездесу

Кеңжыра ауылдық кітапханасында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай мектеп оқушыларының қатысуымен өмір жолдары - еңбекпен өрілген, қарапайым әрі мағыналы ғұмыр кешкен ауылымыздағы тыл ардагерлерін шақырып, салтанатты шара өтті.



Қадиша МОЛДАХМЕТҚЫЗЫ.

1936 жылы 16 желтоқсанда Еңбек ауылында дүниеге келді. 4 жасында Ұлы Отан соғысы басталды, 5 жасқа толар толмас кезімде әкемді Сібірге труд армияға әкетті. Әкемің жалғыз інісін соғысқа алды ол хабарсыз кетті. Шешем колхоздың егінін суғарып піскенде қолмен орып, қыста қамыс орып, сондай еңбекқор болды.

Сол шапқан қамысты Қарасу жетім балалар үйіне тасып, оқитын, жататын жерлерін жылыту үшін тасып беретін.

Өзім және өзім қатарлас балалар қой сауатын әжелерімізге көмек тесіп, қозы ұстап, соларды бақтық.

Жазда Сығай тоғанның жағасына сепкен көксағыздың үлгілдеген тұқымын теріп бергеніміз үшін 4 - 5 тал көмпит алатын едік, жалаң аяқ табанымызға тікен кіріп, бөлініп қалған қозыларды бағатынбыз.

1945 жылы күзде алғаш мектепке бардым. Алғашқы мұғалімім Имамол-

дина Күлшари және Иманғалиев Нұрсейіт аға мектеп директоры болды.

Мен 7 класты Еңбек колхозында оқып бітіріп, 8 класты Абакумнен Чапай мектебінде оқыдым. 8-ші класты бітірген соң да ауылдың жұмыстарында жүрдік. Жазда қыздар жиналып шөпті шөмелеге салып, қызылшада жүрдім.

Одан уақыт келе тұрмысқа шықтым, балалы болдым. 7 баланың анасы болдым. "Батыр ана" алтын алқасымен Ұлы жеңістің 65 жылдығына, 70 жыл, 75 жыл, 80 жылдықтарына мерекелік медальдармен сыйлап, құттықтап жатқан азаматтарға үлкен рахмет. Алғысым шексіз.

Кеңжыра ауыл әкімі Мақсат Абілсейітұлы аудан әкімдігі және әскери комиссариаттан келіп құттықтап жатқан қызметтегі азаматтарға мың алғыс. Сіздерге денсаулық, қызметтеріне береке тілеймін, - деп апамыз сөзін аяқтап, енді соғыс болмасын, бейбітшілікте, заманымыз тыныш болсын деп ақ батасын берді.

Нурипа ОСПАНОВА.

Оспанова Нурипа 1937 жылы 18 қаңтарда бұрынғы Калинин колхозында (қазіргі Көкөзек ауылы) дүниеге келген. 8 жасында сол ауылдағы мектепке барып, алғаш рет білім жолын бастаған. Жастайынан анасына көмектесіп, фермада жұмыс істеген, сиыр сауып, шөп жинап, оны комбайнға тиеген. Мектепке дейін-ақ бұзау мен қозы бағып, еңбекке ерте араласқан.

Соғыс жылдарының қиыншылығын бала күнінен-ақ сезініп, тылда еңбек еткендердің қатарында болды. Бұл кезең Нурипа апайдың шыдамдылығы мен еңбекке деген жауапкершілігін қалыптастырды.

5 сыныпты Көкөзек ауылының маңындағы Жотатоган ауылында оқып, кейін 6-7 сыныпты Ақсу ауылында жалғастырған. 1968 жылы Қызылагаш ауылындағы кешкі мектепке барып, 10 сыныпты аяқтап, орта білім туралы аттестат алған.

Өмір бойы еңбекті қадір тұтқан Нурипа апамыз әртүрлі салада қызмет атқарған. Ақсу мен Қызылагаш ауылдарында наубайханада жұмыс істеп, елге дәмді нан пісірген. Кейін Қаракөз ауылындағы ауруханада санитарка болып еңбек етіп, еңбек жолының соңғы жылдарында бұрынғы Ленин, қазіргі Кеңжыра ауылындағы дәрйханада қызмет атқарып, сол жерден зейнетке шыққан.

Нурипа апайдың өмір жолы - еңбекпен өрілген, қарапайым әрі мағыналы ғұмыр. Ол - төзімділік пен еңбекқорлықтың үлгісі десек артық айтқандық болмас.

**Б.ЖАҚСЫБАЕВА,
Кеңжыра ауылдық
кітапханасының
кітапханашысы.**

МЕЙІРІМДІ ҰСТАЗ

